№2 Дәріс. Көне түркілік ортақ фразеологизмдердің тіл қабаттарындағы орны.

Фразеологияның нысанасы ретінде тілдің барлық деңгейлеріндегі (қабаттарындағы) тілдік бірліктер емес, сөздердің тұрақты тіркестерін құрайтын, “ешкімнің еркіне көнбейтін”, “өзінен-өзі тіркесіп қойған”, “дайын құрылыс материалы” болып табылатын құрамы жағынан тұрақты тіркестер танылады.

Бірақ фразеологизмдер тілдік жүйенің қай қабатына жатады, оның орны қандай, басқа тілдік қабаттармен онтологиялық және генетикалық қатынастарды қалай құрады? – деген сұрақтардың туындауы орынды. Бұл сұрақтардың шешімін тілдің фразеологиялық құрамын зерттеудің мақсаттары мен әдістері айқындайды.

XX ғасырдың 30-жылдарының өзінде атақты ғалым Е.Д. Поливанов фразеология саласын ерекше лингвистикалық пән ретінде оның нысанасы мен міндеттерін белгілеп, төмендегідей пікір айтқан болатын: “Я позволю себе употребить термин “фразеология” для обозначения особой дисциплины (наряду с фонетикой, морфологией, синтаксисом и ... лексикой), занимающей по отношению к лексике то же положение, какое синтаксис занимает по отношению к морфологии” [Е.Д. Поливанов, 1928; 20 б.].

Сол кездердің өзінде Е.Д. Поливанов жалпы типтік тіркестер емес, ерекше, арнайы мағына беретін тіркестерді зерттейтін синтаксиспен, нақты сөздердің ерекше, арнайы мағынасын зерттейтін лексикамен байланысты сала – тіл туралы ғылымның қажеттігі туралы айтқан болатын. Фразеология тіл білімінің фонетика, морфология және т.б., деңгейлерімен бірдей, “терезесі тең” болашақтағы тіл ғылымындағы ерекше сала ретінде орныгатынын алғаш рет айтқан Е.Д. Поливанов болатын.

Фразеология саласының ғылымдағы бүгінгі жетістіктері мен арналары, қалыптасқан бағыттары мен теориялары да ғылыми дәйектеменің дұрыстығының дәлелі болмақ.

Тіл белгілі бір құрылымы мен қызметі бар, біртұтас жүйелі құбылыс ретінде өмір сүреді. Жүйенің элеменеттері бір-бірімен өзара қарым-қатынаста, байланыста, бірлікте өмір сүреді. “Жүйесіз нәрсені жадында сақтау қиын. Егер тілде жүйе болмаса, егер олар бір-бірімен байланыссыз, ретке келтірілмеген, ұйымдаспаған, бөлшектері бүтінге бірікпеген, бытыраңқы элементтер күйінде болса, онда тіл адам санасында сақталмаған болар еді, қатынас құралы, пікір алысудың құралы болып қызмет етуге де жарамас еді. Тілде жүйелілік қасиет бар” [К.Аханов, 1993; 67 б.].

Тіл қабаттарын әр түрлі бірліктердің әдістемесін (методикасын) зерттеу деп қана қарастырмай, оның құрылымын ұйымдастыратын жүйе ретінде тану қажет. Тілдің төменгі қабаттағы бірлігінің бірте-бірте одан жоғары қабаттағы бірлікке өту үрдісі төменгі қабаттағы элементтердің (тілдің синхрондық тұрғысынан) синтагматикалық қасиеттерінің жүзеге асу комбинацияларының нәтижесі болып табылады. Мәселен, фонема комбинациясы морфеманың дыбыстық жамылғышын түзесе, морфемалар комбинациясы сөз жасайды, ал сөздер комбинациясы сөйлем құрайды.

Фонема, морфема, сөз және сөйлемнің иерархиялық қатынастарында, біріншіден, өзіндік типологиялық модельдерге негізделген (кез келген тілде сөздердің бір-бірімен тіркесімділік қабілеті жалпы тілдік қордағы сөздермен салыстырғанда шектеулі) еркін сөз тіркестері тіл бірліктерінің қабаттарынан тыс қалады, екіншіден, тіл қабаттары жүйесінде тұрақты тіркестердің орны белгісіз. Еркін сөз тіркестері мен тұрақты тіркестер тіл қабаттарының ішінде негізгі деңгейлермен қатар, өзіне тән тілдік бірліктері бар аралық деңгейлік “мәртебелі” ерекше жүйе құрай алатыны белгілі. Бұл тіркестер тілдің лексикалық және синтаксистік жүйелерінің арасындағы ерекше деңгейаралық жүйе болып табылады.

Тіл жүйесінің лексикалық және синтаксистік қабаттары аралығындағы еркін тіркестер (синтаксистік конструкциялар) мен тұрақты тіркестер (фраземалар) ерекше тілдік бірліктер болып табылады. Тілдік бірліктердің ерекше мәртебесіне ие фраземалардың сөздерден де, сөз тіркестерінен де өзіндік айырмашылықтары бар.

Осы тұрғыдан М. Балақаев қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің табиғатына тоқтала келіп, жеке сөздердің тура мағынасына сәйкес ұғымда жұмсалмаған, сол тобымен өзгеше

мағынада жұмсалған тіркестер (*үрейін ұшыру* – қатты қорқу, *есінен тандыру* – есін шығару) мен *...құс ұшты, балапан ұшты, қарға ұшты, самолет ұшты* тіркестерін тең қоюға болмайтын тұрақты тіркестер кездеседі... Тұрақты тіркестердегі сөздердің өзара байланысу амалдары мен синтаксистік байланысу формалары қазақ тілінің осы күнгі грамматикалық нормаларынан алшақ кетпейді. Бірақ олардың синтаксистік құрылысы "сіресіп" қатып қалған болады да, қызметі мен мағынасы мүлдем өзгереді, – деген ғылыми тұжырым айтады [М.Балақаев, Т.Қордабаев, 1971; 32-33 бб.].

Тіл бірліктері бір-бірімен тығыз иерархиялық байланыста болады (ол қабаттардың деңгейаралық байланысы 1-сызбада көрсетілген). Сызбада лексикалық және синтаксистік қабаттың арасында деңгейаралық байланысты құрайтын фразеологиялық жүйе мен сөз тіркестері жүйесінің орны көрсетілген. Сөз тіркестері жүйесі негізінде жасалған фразеологиялық бірліктер әрі лексикологияның, әрі синтаксистің зерттеу нысаны бола алады.

1-сызба– Тіл қабаттарының жүйесі

1. Фонетикалық қабат- (жүйелік бірліктері-фонемелар).
2. Морфологиялық қабат- (жүйелік бірліктері- морфемалар).
3. Лексикалық қабат- (жүйелік бірліктері-сөз).
4. Синтаксистік қабат- (жүйелік бірліктері-сөйлем).
5. Фразеологиялық жүйе - (бірліктері –тұрақты тіркестер) - бас көтеру; адам болу.
6. Сөз тіркесі жүйесі –(бірліктері-еркін сөз тіркесі) - бас көтеру; адам болу.

Фраземалар синтаксиспен, оның ішінде сөйлем мүшелерімен де, сөйлемнің түрлерімен де тығыз байланысты. Сөз тіркесі типінде жасалған фразеологизмдер, сөйлем түрінде жасалған фразеологизмдер туралы чуваш фраземасын зерттеген ғалым М.Ф. Чернов "Современный чувашский язык. Слово, фразеологизм и свободное сочетание слов" (Чебаксары, 1988) еңбегінде жан-жақты қарастырылған. Фраземалар өзінің табиғаты жағынан екі жақтылық құбылысы, бір жағынан, оның дара сөзге ұқсастығы, екінші жағынан, еркін тіркеске ұқсас болып келуінен көрінеді.

Фраземаларға тән басты белгілер мен қасиеттерді саралай келіп, тіл теориясының маманы К. Аханов былай дейді: "Фразеологиялық оралымның (біздің метатілде "фразема") белгілері екі бағытта қызмет атқарады. Оны сөзбен жақындастыратын белгі, еркін тіркестен ажыратылатын белгі ретінде, ал фразеологиялық оралымды сөзден ажырататын белгі, оны еркін тіркеспен жақындастыратын белгі ретінде қызмет ете алады" [К.Аханов, 1993; 67 б.].

Лексема атауыштық мәнде жұмсалса, фразема бейнелеуіштік-атауыштық мағына басым; сөз – белгілейді, фразема – бейнелейді; лексема – көбіне халықтың дүниетанымының жемісі болса, фразема – адамзаттың ойлау қабілеті мүмкіндігінің, психологиясының, түрлі табиғи қабілеттері мен қасиеттерінің жемісі; сөз – бүтін бітімді (цельноформленный) болса, фразема – бөлек бітімді (раздельно-оформленный); сөздің барлық жағдайда ауыс, бейнелі мағынада жұмсалуы шарт емес, ол фразема үшін қажетті шарт; сөз түбір (негізгі) мағынаны, фразема туынды мағынаны білдіреді; сөз өзінің референттік қасиетін сақтаса, фразема құрамындағы сөздер өздерінің ішкі референттік қасиетін сақтай алмайды; лексемада лексикалық, фраземада фразеологиялық мағына болады және т.б.

Қазақ тіліндегі күрделі сөздердің теориялық негіздерін зерттеген ғалым Б. Қасым оларды күрделі атаулар деп қарастырып,тілдік деректердің атаулық қасиеттерін сараптап, уәжділік дәрежесіне орай 3 түрге бөледі: 1) тура уәжділік (лексикалық морфемдердің айқын, тура мағыналары); 2) жартылай уәжділік (уәждеуші сыңарлардың біреуінің мағынасы күңгірттеніп, көмескіленіп, ауыс мағынаға көшуі), 3) көмескі уәжділік (айқын мағынаның орнына жасырын мағынаның пайда болуынан ауыс мағынаға көшуі) [Б.Қ.Қасым, 2002; 34 б.]. Көмескі уәжділікке ие күрделі атауларды фраземаларға жақын бірліктер деп қарастыруға болады. Тілдің лексикология саласында қарастыратын, атауыштық қызмет атқаратын күрделі сөздердің де фраземалардан айырмашылығы бар:

- Күрделі сөздер фраземалардың қалыптасу төркіні еркін тіркестер болғанымен, олардың қалыптасу үрдісі әр басқа (күрделі сөздер үшін – фонетикалық фактор мен лексикалану, грамматикалану, фраземаға – идиомалану үрдісі тән);
- фраземалардың құрылым тұлғалары берік, олар көп компонентті (екіден көп), құрамы дербес мағыналы атауыш сөздермен шектелмейді;
- күрделі сөздерге – тура мағына, фраземаларға – ауыс мағына тән;
- күрделі сөздердің қалыптасу уәждері ашық, фраземалардың ішкі формасы ашық емес және т.б.

Еркін тіркестер мен фраземалар арасындағы ерекшеліктерді саралап, профессор Т. Сайрамбаев: "Фраземаларда лексикалық мағына болса, сөз тіркестерінде болмайды, сөз тіркестері сөздің лексикалық бірлігі негізінде жасалса, фраземаларда жеке лексикалық бірліктер жоқ. Сөз тіркесі мен фразеологизмдердің сырттай ұқсастықтары болғанымен, ішкі мазмұны жағынан бір емес", – дейді [Т.Сайрамбаев, 1981; 82 б.].

Фраземалар мен сөз тіркестері төмендегі белгілермен ерекшеленеді:

- сөз тіркесіндегі әрбір сөздің өзіндік мағынасы болса, фраземалар ондай қасиеттен айырылған;
- сөз тіркесіндегі әрбір сөздің синтаксистік қызметі болса, фраземалар компоненттері бұрыннан тіркесіп қойған қалпында, аражігін ажырамай даяр, тұтас қалпында қолданылады;
- сөз тіркесіндегі сөздің орын тәртібі еркін болса, фраземаларда тұрақты;
- сөз тіркесіндегі әрбір сөздің байланысу тәсілдері болса, фраземалар- дың іштей бір-бірімен байланысу формасында келуі тұрақты.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвферизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 175 б.
2. Авакова Р.А. Фразеосемантика. Монография. –Алматы: Қазақ университеті, 2013.
3. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 с.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 711 б.
5. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 191 б.
6. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 220 б.
7. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы, 1994. – 304 б.
8. Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – Алматы, 1997.
9. Сағидолла Г. С. «Түркі – моңғол тілдік байланысы: топонимия және фразеология». – Астана, 2011.
10. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1994. – 190 б.